

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 наурыз N 186. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12.

N 578 *(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Фосфор өндірісінің қалпына келтіріліп жатқан кәсіпорындарын қолдау және сары фосфордың экспортына лицензиялар беру рәсімдерін оңайлату мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҰАЖ-ы, 1997 ж. N 29, 266-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға "Экспорты лицензия бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі" деген 4-қосымшада:

"Есірткілік және ақыл-естен айыратын заттар, улар" деген бесінші жолда:

2-бағандағы "тізбе бойынша" деген сөздерден кейін "сары фосфордан басқа СЭҚ ТН коды 280470000" деген сөздермен толықтырылсын;

1, 2 және 3-бағандар мынадай мазмұндағы алтыншы жолмен толықтырылсын:

"Сары фосфор 280470000 Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау

министрлігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі